

Монтанай Э.Ә.^{*1}, Ахметбекова А.К.²

¹Әл Фараби атындағы ҚазҰУ, PhD докторанты, Алматы, Қазақстан
E-mail: elmiramontanayeva@gmail.com

²Әл Фараби атындағы ҚазҰУ, Шығыстану факультеті,
Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының доценті, ф.ғ.к.
Алматы, Қазақстан
E-mail: aaxbota@gmail.com

ЕВРОПАЛАНУ ҮДЕРІСІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ РЕФОРМАЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК КИІМДЕРІНДЕГІ КӨРІНІСТЕРІ

Аңдатпа

Киім – әр этностың өзіндік ерекшелігін, дүниетанымын, қоршаған ортаға бейімделу формасының көзге бірден түсетін мәдени атрибуты болып табылады. Мақалада қазақ және түрік этностарының ұлттық киім ерекшеліктері көрсетіле келе, олардың қоғамдағы моральдық, талғамдық және әлеуметтік функция-лары қарастырылады, әсіресе әлеуметтік тұрғыда дифференциялауға байланысты қызметіне мән беру арқылы киімнің қоғамдық қарым-қатынасты белгілеудегі рөлін анықтау талпынысы жасалады. Қазақ және түрік халықтарының шығу тегі бір болғанымен, екі этностың тұрмыс-тіршілік спецификасының айырымы киім-кешектен анық байқалады. Осы айырымдарды сипаттай, айырымдардың орын алу себеп-терін анықтай отырып, мақала авторлары XVIII ғасырлардан көрініс берген еуропалану тенденциясының әсеріне және нәтижесіне баға беруге тырысады. Осман империясы тәуелсіз мемлекет тұрғысында бірнеше дүркін реформа жасаса, қазақ елі Ресей қол астында болғандықтан, еуропалану үдерісіне орыс мемлекеті арқылы тартылды. XVIII-XIX ғасырлардағы Осман түріктерінің жүргізген реформаларының мазмұны, барысы саралана келе, соның ықпалында туындаған өзгерістердің мәні мен бағыты талқыланады. Қазақ және түрік этностарының киіміндегі өзгерістер мемлекет тұрғысында негізінен әскери және ресми қызметшілердің киімдеріне қатысты болды. Тақырыпқа қатысты мәліметтерді жинақтауда қазақ және түрік киім реформаларына зерттеу жүргізген ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалынды. Реформаларға дейінгі түріктің ұлттық киіміне сипаттама беріле отырып, бұл реформалардың тарихи барысы, транс-формациялануға итерген факторлар мен көріністері қарастырылды. Зерттеу жұмысында бірі отырықшы, бірі көшпенді болған бауырлас екі елдің капиталистік қатынастар мен технологияға байланысты еуро-лану үдерісіне тартылу барысында киім-кешектегі әр өзгерістің мәні мен мазмұны, даму ерекшеліктері, жергілікті халықтың оларды қабылдаудағы психологиялық механизмдері талданады. Түрік халқының әр реформадан кейінгі өзгерістері талқыланып, ұлттық киіммен болған конфронтацияға мән беріледі. Осман империясында II Махмұттың бастауымен республика кезеңіне дейін қарқынды дамыған еуропалық үлгіде киім өзгерістері және оның халыққа әсері айқындалады. Ал қазақ халқының билік басында отырған әскери және шенеуліктердің киімдерінде ғана өзгерістердің еуропалану бағыты көрініс бергені айқындалды.

Кілт сөздер: *киім, әскери киім, ұлттық киім, модернизация, реформалар, мундир, Осман империясы.*

Монтанай Э.Ә.^{*1}, Ахметбекова А.К.²

¹ PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, Алматы
E-mail: elmiramontanayeva@gmail.com

²к.ф.н., доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, Алматы
E-mail: aaxbota@gmail.com

ПРОЯВЛЕНИЯ РЕФОРМ, СВЯЗАННЫХ С ПРОЦЕССОМ ЕВРОПЕИЗАЦИИ В КАЗАХСКОЙ И ТУРЕЦКОЙ ОДЕЖДЕ

Аннотация

Одежда является культурным атрибутом, который сразу бросается в глаза самобытностью, мировоззрением, формой приспособления каждого этноса к окружающей среде. В статье показаны особенности национальной одежды казахского и турецкого этносов, рассмотрены их нравственные, вкусовые и социальные функции в обществе, а также предпринята попытка определить роль одежды в детерминации социальных отношений, особенно уделив внимание к функции, связанной с социальной дифференциацией. Хотя происхождение казахского и турецкого народов одинаково, разница в образе жизни двух этносов отчетливо видна в их одежде. Описывая эти различия и определяя причины их возникновения, авторы статьи пытаются оценить влияние и результаты тенденции европеизации, проявляющейся с XVIII века. В то время как Османская империя провела несколько реформ как независимое государство, казахская страна, находясь под управлением России, была вовлечена в процесс европеизации через Российское государство. Дифференцируются содержание и ход реформ, проведенных турками-османами в XVIII-XIX вв., обсуждаются смысл и направленность вызванных ими изменений. Изменения в одежде казахского и тюркского этносов в основном касались одежды военных и официальных служащих в государстве. При сборе данных, связанных с темой, был сделан обзор работ ученых, проводивших исследования казахской и турецкой реформ одежды. При описании турецкого национального костюма до реформ рассмотрен исторический ход этих реформ, факторы и проявления, приведшие к трансформации. В статье анализируются значение и содержание каждого изменения в одежде, особенности развития и психологические механизмы их принятия местным населением в период вовлечения двух братских стран, оседлой и другой кочевой, в процесс европеизации в связи с капиталистическими отношениями и техника. Обсуждаются изменения турецкого народа после каждой реформы, подчеркивается противостояние с национальной одеждой. В Османской империи с начала правления Махмута II до периода республики определяются изменения в одежде в европейском стиле и ее влияние на людей. И было определено, что направление европеизации изменений нашло отражение только в обмундировании военнослужащих и чиновников, стоящих во главе власти казахского народа.

Ключевые слова: одежда, военная одежда, национальная одежда, модернизация, реформы, мундир, Османская империя.

*Montanay E.A.^{*1}, Akhmetbekova A.K.²*

¹PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

E-mail: elmiramontanayeva@gmail.com

²docent, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

E-mail: aaxbota@gmail.com

MANIFESTATIONS OF REFORMS RELATED TO THE PROCESS OF EUROPEANIZATION IN KAZAKH AND TURKISH CLOTHING

Abstract

Clothing is a cultural attribute that immediately catches the eye with its originality, worldview, and the form of adaptation of each ethnic group to the environment. The article shows the features of the national clothes of the Kazakh and Turkish ethnic groups, their moral, taste and social functions in society are considered, and an attempt is made to determine the role of clothing in the determination of social relations, especially paying attention to the function associated with social differentiation. Although the origin of the Kazakh and Turkish peoples is the same, the difference in the way of life of the two ethnic groups is clearly visible in their clothes. Describing these differences and determining the reasons for their occurrence, the authors of the article try to assess the impact and results of the Europeanization trend that has been manifesting since the 18th century. While the Ottoman Empire carried out several reforms as an independent state, the Kazakh country, being under Russian rule, was involved in the process of Europeanization through the Russian state. The content and course of the reforms carried out by the Ottoman Turks in the 18th-19th centuries are differentiated, the meaning and direction of the changes caused by them are discussed. Changes in the clothes of the Kazakh and Turkic ethnic groups mainly concerned the clothes of the military and official employees in the state. When collecting data related to the topic, a review was made of the work of scientists

who conducted research on the Kazakh and Turkish clothing reforms. When describing the Turkish national costume before the reforms, the historical course of these reforms, the factors and manifestations that led to the transformation are considered. The article analyzes the meaning and content of each change in clothing, developmental features and psychological mechanisms of their acceptance by the local population during the period of involvement of two fraternal countries, settled and another nomadic, in the process of Europeanization in connection with capitalist relations and technology. The changes of the Turkish people after each reform are discussed, the confrontation with national clothes is emphasized. In the Ottoman Empire, from the beginning of the reign of Mahmut II to the period of the republic, changes in European-style clothing and its impact on people are determined. And it was determined that the direction of the Europeanization of changes was reflected only in the uniforms of military personnel and officials who are at the head of the power of the Kazakh people.

Keywords: *clothing, military clothing, national dress, modernization, reforms, uniform, Ottoman empire.*

Кіріспе. Мәдениеттің ең маңызды және көзге бірінші түсетін элементтерінің бірі болып табылатын киім – ұлттық болмыс ерекшеліктерінің көрсеткіші тұрғысында тұрақтылық танытқанымен, ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда жаңа технологиялар мен капиталисті қатынастардың ықпалымен өзгерістерге түсе бастады. Капиталистік қатынастар негізінде кең етек алған халық аралық сауда және отарлау саясатының көрінісі болған соғыс сияқты негізгі факторлар ұлттық белгілерді унификациялауға итермеледі. Тарихи даму ерекшеліктеріне байланысты бұл үдерістің сипаты әр түрлі болды.

Ұлттық киім кез келген этностың қоршаған ортаға бейімделудің нақты көрінісі ретінде дүниетаным-ның репрезентациясы ретінде өзіндік табиғатымен танымал. Алайда ХҮІІІ ғасырлардан басталатын урбанизация және технология жетістіктері ұлттық тұрмыс-салттыда біркелкіленуге алып келіп, этностар-ды ерекшелейтін өзіндік киімдеріне ауыз сала бастады.

Ұлттық дүниетанымның өзгеріске түсу белгілерін нақты көрсету немесе оларға айқын сипаттама беру еш мүмкін емес. Ұлттық киімне адамдардың күнделікті киімінде орын алып жатқан өзгерістер халықтың ойлау жүйесінен, сана-сезімінен ақпарат беретіні сөзсіз. Сондықтан ұлттық ділдің даму ерекшелігін, тенденциясын, мәнін тануда киім үлгілерінде көрініс берген трансформацияларды айқындау арқылы анықтау мүмкіндігінде ескеру қажет. Киімді символдық мәнге ие ұлттық дүниетаным атрибуты десек, киім-кешекте орын алған өзгерістер символ жүйесінде де қозғалыс тудыратыны шек келтірмейді.

ХҮІІІ ғасырларға дейін ұлттық киімдер этностық ерекшеліктерді айқындауыш тұрғысында дифференциялауға бет алса, бұл межеден кейін сыртқы факторлардың әсерінен интеграцияға жолбастағанын байқауға болады. Бұл интеграцияның тенденциясын айқындау үшін қазақ және түрік халықтарының ұлт-тық киім үлгілеріне қатысты реформалардың мазмұнын, барысын қарастыра отырып, зерттеудің өзекті-лігін белгілейтін киімнің біркелкілігі дүниетаным біркелкілігіне жетелейме деген мәселемен байланысты.

Қазақ халқы ХҮІІІ ғасырларда мемлекет тұрғысында бостандығынан айрылу барысында қаншалық-ты ұлттық болмысын сақтап қалды не трансформацияға ұшырады деген сұраққа жауапты тәуелсіз айбынды мемлекет болып өмір сүріп жатқан түрік халқының киіммен байланысты реформаларына шолу негізінде анықтау арқылы жүзеге асады.

Осман империясы кезінде киім жүйесі адамдарды әртүрлі ерекшеліктеріне қарай анықтауда өте маңызды көрнекі құрал қызметін атқарды. Сондықтан киімдегі ән тек өзгерістердің өзі қоғам ахуалынан ақпарат берердей жағдайда еді (Küçükerman 1997: 39).

ХҮІІІ ғасырларда Осман еркектері күнделікті өмірінде шалбар, үстіңгі жағына көйлек немесе халат, оның үстіне қысқа не ұзын кафтан киген. Шынтақтан білекке дейін түймелі жеңдері бар, *кемха*, *серазер*, *барқыт* және *чама* сияқты ауыр жібектерден тігілген қысқа жеңді кафтан және сырт киім ретінде киілетін кафтан сияқты «капаниче» деп аталатын күртеше сән-салтанатта киілетін. Капаниченің іші түкті, зерлі түймелі, етектері және жеңдері жерге дейін созылып жататын. Сондай-ақ, кафтан тігуге арналған маталарды тоқуда оның құрамына алтын және күміс қорытпасын қосу арқылы матаға жылтыр, көз тартатын және сәнді көрініс беретін. Кафтандардың алдыңғы жақтары түйме ілмегімен немесе чапрас деп аталатын жолақтармен жабылған (Tezcan, 1999: 517). Аяқтарында олар *tulumbaşı-yemen* деп аталатын жалпақ арқа туфли немесе өкшелі, қалың терісі бар йемендік аяқ киім киген.

Ал осы кездердегі қазақтардың киімдері негізінен тері шалбармен мойын астынан түймеленетін жейде және оның сыртынан маусымға қарай шапан, шекпен сияқты сырт киімдерден тұратын. Қысы қатты қазақтар сырт киімге бай болып, оның түрлері климатқа байланысты өзгеріп отыратын.

И.Захарова, З.Ходжаеваның «Казахская национальная Одежда (XIX - начало XX века) атты еңбегінде қазақ елінің киімдерін, ұлттық нақыштарын қаншалықты сақтап қалғаны туралы мәлімет береді.



(XIX ғасырдағы қазақ киімдері, Захарова И.,Ходжаева З. 1964: 52)

XVIII ғасырлардан бастап қазақ пен түрік халықтарының киімдерінде еуропалануға байланысты өзгерістер көрініс береді. Осы өзгерістердің жүру барысы, мақсаты мен себептерін ашу туыс халықтардың тұрмыс-тіршілігінен ақпарат береді. Осыған орай жұмыстың мақсаты мен міндеттерін былай айқындаймыз: XVIII-XIX ғасырлардағы еуропалану үдерісімен байланысты реформалардың қазақ және Осман империясындағы ұлттық киімдеріне енгізген өзгерістердің орын алу себептерін және бағытын анықтау. Бұл мақсатқа жету үшін қазақ және түрік өңірінде киім реформаларының нәтижесін саралау, даму барысына сипаттама беру, киім атауларының генезисін айқындау міндеттері қойылады.

Зерттеу әдістері. Зерттеу мақаласының тұжырымдарын дәйектеуде киім реформаларының жүру барысына жүйелі тарихи тұрғыда сипаттама беру арқылы үдеріс кезеңдерін топтауға қатысты Осман түрік және қазақ тарихына арналған: Захарова И., Ходжаева З., Ерменбаева Г.К., Петросян И.Е., Надюков С.А., Новичев А.Д., Жиренчин К. Ерофеева И.В., Мусабалина Г., Избасарова Г.Б., Emine Koca, T.Tutal., R.E. Koçu N.Aysal., S.Fidan, Namik Kemal, A.Sezen Arıĝ, Enver Ziya Karal, Haluk Y.Şehsuvaroĝlu сынды ғалымдардың еңбектерін негізге алу, олардың әдіснамасын қолдану. Қазақ және түрік киімдерінің құрылымы, түрік киімдерінде жасалынған реформалар мен өзгерістерді саралау, сипаттау, тарихи-салыстырмалы зерттеу әдістері қолданылды.

Талқылау және нәтижелер. Түбі бір түркі халықтары болып табылатын қазақ және түрік этностары XVIII-XIX ғасырларда тұрмысы тұрғысында бірі отырықшы, екіншісі көшпелі болып ажыратыла баста-ды. Сонымен қатар қазақ елі Ресей империясының қол астында болғандықтан, жеке дара реформа жүр-гізуге еш мүмкіндігі болмады. Оның қасында Осман сұлтанаты жеке мемлекет ретінде тарихи жағдай-ларға байланысты реформалар жүргізу өз қолдарында болды. Әсіресе Ресей империясымен ұзаққа созыл-ған соғыстардың нәтижесінде Осман империясында бірнеше дүркін реформалар, оның ішінде киім реформалары еуропалануға бет алған бағытының көрсеткіші болды. Қазақтар негізінен Ресей империя-сында орын алған өзгерістерге бейімделу үдерісін басынан кешірді.

Аталған кезеңде қазақтар өздерінің ұлттық киімдеріне қатысты өзгерістер енгізуге еш мүдделі болған жоқ. Оның себебі, біріншіден, қазақтың ұлттық киімі өз табиғи ортасына барынша бейімделген болатын. Екіншіден, Ресейдің отарлы елі ретінде қызметтегі қазақтардың ресми киімдері орыстардың киім үлгісін-де болу талабымен бағынған еді. Үшіншіден, ұзақ ғасырларға созылған орыс-қазақ қарым-қатынас бары-сында салт атты қазақтардың киімі орыстардың әскери киімдерінің прототипі болғанын ескеру керек.

Өз кезінде Ресей империясы ресми және әскери киімдері еуропаланғаны белгілі. Мундир әскери киім ретінде билеушінің билік символы қызметін де атқарды. Қазақ даласында Патшалық Ресейдің отарлау процесінің басталуымен болған 1822 жылғы (Сібір қазақтарының жарғысы) және 1824 жылғы (Орынбор қазақтарының жарғысы) жарғылар негізінде басқару жүйесінде үлкен өзгеріс болды. Тарих ғылым-дарының докторы И.Ерофеева Ресей империясының қазақ даласын басқаруға байланысты қалыптасқан үш буынды (жоғары, орта және төмен) жүйені жіктеп көрсетеді (Ерофеева 2014. – 696).

Осы билік жүйесінің орта буынына жататын сұлтан және сұлтан-басқарушылардың билік символдары болды. Сұлтан-басқарушылардың билік символдары ретінде императорлық герб бейнеленген ту, алтын сапты қылыш, басқару жүйесіне қатысты нұсқаулық пен мундир енгізілді (Ерменбаева 2015: 216-220).

Мундир – әскери сыртқы киім ретінде сұлтан-басқарушылардың ерекшелігін білдіретін (Мусабалина 2001:141-145).

Бұл ең алдымен кіші жүздегі билеушілерге берілген құқық еді. Бұл бастаманы алғаш ұсынған шығыс бөліктің сұлтан-басқарушысы Ахмет Жантөрин болды. 1841 жылы басқарушы болып тағайындалған кезінде алғашқылардың бірі болып Орынбор әкімшілігіне мундир (әскери сыртқы киім) кию туралы ұсынысын жолдап, шекара комиссиясының басшысы Г.Ф. Генспен кездесу кезінде жоғарыдағы ұсынысын жеткізді. Бұл оқиғадан кейін қалған екі бөліктің сұлтан-басқарушылары да осы бастаманы қолдады.

А.Жантөриннің ұсынысы бойынша М.В. Ладыженский 1846 жылы Азия департаментіне Г.Ф. Генс дайындаған мундир суретін ұсынды. Осы оқиғаға байланысты генерал-майор Ладыжинский қазақ сұлтан-дарына арналған киім үлгісін ұсынады. Бұл ұсыным хаты Ресей мемлекеттік тарихи архивінің 1291-қорында сақталған. Ұсыным-хатта қазақ сұлтандарының ішінде ең алғаш болып Бөкей Орда ханы Жәңгір хан киген мундирді қалған үш бөліктің сұлтан-басқарушыларына да билік символы ретінде енгізу ұсынылған. Қазақтарды еуропалық мәдениетпен жақындастыруға, сонымен қатар бұл киімді кию олар үшін басқалардан ерекшелік тұратындай болса, қызмет етуі кезінде адалдық танытанын анық. Г.Генске берген тапсырмасында қазақ сұлтандары үшін ыңғайлы етіп, тіпті олардың да ұсыныстары мен талғам-дарын ескеру керектігін жеткізеді. Осы жағдайдан кейін қазақ сұлтандарының билік символы ретінде мундир енгізілді (108 б).



Қазақ сұлтандарының мундирі

Жоғарыда көрсетілген суреттегі Ресей мемлекеттік тарихи архиві қорында сақталған қазақ сұлтандарының мундирінің сипаттамасы. Ерлер киімі черкеск үлгісінде ұзындығы тізеге дейін, ал жеңі қысқа болды.

1) Қызыл түсті штаб-офицерінің шеру кезінде киетін сыртқы киімі. Сипаттамасы: ені – 1 м, ұзындығы тізеге дейін созылған. Иығында арнайы сәнделген белгі болды

2) Көк түсті мундир немесе вице-мундир. Сыртқы бедерленуі күміспен қапталған

Мундирді тігуде қолданылған маталарға шұға, барқыт жатқызылады. Ал олардың түстері қызыл, көк, жасыл, күлгін, т.б. болды. Тек сыртқы безендіруіне ғана алтын немесе күмістен ою-өрнектер салынды. Басына құндыз немесе кәмшат терісінен қырғыз қалпағы бар. Бас киімнің жиектері алтын немесе күміспен жиектелген. Бағалы тастармен әсемделген белдік байланды. Шені жоқ қазақ пен шенеунікті ажырату үшін кокард тағылды (Избасарова, 2017:109).

XIX ғ. ағылшын және француздық әскердегі өзгерістер Осман империясына да өз әсерін тигізген болатын. Осы кезеңде «мундир» әскери киім ретінде қолданысқа енгізілді. Әскери энциклопедияда жауынгердің киім-кишегінде сыртқы жиынтықты құрайтын бөлшектеріне: бас киімдер; мундирлер; аяқ-киім; шинель; жазғы киім (китель немесе жейде); қолғаптар; белбеу деп берілген (Величко 1912. 68).

Осман Империясы кезеңіндегі киімге жасалынған реформалар

Осман империясында киім қоғамдық қарым-қатынастардың көрсеткіші болды.

Осман сарайында Фатих Султан Мехмет (1432-1481) билік құрған тұсында сарбаздар мен мемлекет қайраткерлері атақтарына қарай киіне бастады, бұл тенденцияны оның орнын басқан Кануни Султан Сүлеймен және басқа сұлтандар жалғастырды. (Tuchelt ve Nauman 1965: 5) Қызғалдақ дәуірінің падишахы Сұлтан III.Ахмет (1703-1730) «Кануни Тешрифатта» жаңа тәртіптер жасап, Осман сарайы мен мемлекет қайраткерлерінің киімдерін тап пен дәрежесіне қарай ең көрнекті және символдық түрде орналастырды. Демек киім түріктер ортасында әлеуметтік индикатор рөлін атқарған.

Адамдардың діни көзқарасы, қызметі мен отбасылық жағдайын анықтауда киімнің атқаратын қызметі маңызды еді (Блейз,2002:176).



*Реформалардан бұрынғы Түрік киімі
Mustafa Sevim, Graviürlerle Türkiye- Giysiler, Portreler 2, Ankara, 2002,
Kültür Bakanlığı Yayınlar Dairesi Başkanlığı, s.102-121-60*

XVIII ғасырдың ортасынан бастап Осман империясының басшылығы дүние жүзінде орын алған саяси және экономикалық өзгерістермен санасу қажеттілігін мойындады. Сол кезеңдегі алғашқы әлеуметтік өзгерістер әскерден басталды. Әскери салада заманауи әскер құру идеясы негізінде алдымен сұлтан I Махмұд (1730-1754), содан кейін сұлтан III Селим (1789 ж.) әскери киімді реформалау әрекеттерін жасады.

XIX ғ. басында Осман империясының әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірінде үлкен өзгеріс-тер орын алды. Бұл Осман империясы халқының күнделікті өмірінде «еуропалық үлгі» енгізілген жаңа прогресті бастап берді. Бұл кезеңде әскери, әкімшілік салада және тұрғындардың күнделікті өмірінде еуропалану байқалады. Билікке келген сұлтан II Махмұд (1807-1839) Осман империясында әскери сала-дағы реформалардың жаңа кезеңін бастап берді. Ол елде реформа жасаудың басты қажеттілігі ретінде патшалық Ресеймен болған соғыстағы сәтсіздік, Сербия, Греция мен Дунайдағы князьдіктердің азаттық күрестерінің орын алуына байланысты төтенше шараларды қабылдауы еді. Сұлтанның осы жағдайға байланысты қабылдаған шараларының бірі «ескі жүйені құртып, орнына жаңа армия құруға» кірісуі еді. (Петросян және Петросян 1993:186).

Низам-ы Жедид қозғалысы Осман империясындағы революцияның бастамасы болып табылады. III Селим (1789-1807) Янышер әскерін реформалауды және жаңа әскер құруды таптырмас шарт деп санады. Осыған байланысты алғашқы қадам армиядағы реформалар процесіне ену арқылы жүргізілген реформа-лармен жасалды. III Селим бастаған қозғалыс 1826 жылы II Махмұттың (1808-1839) Янышер Ошағыны жоюымен жалғасып, «Асакир-и Мансуре-и Мұхаммедие» әскері құрылды. Жасалған реформалар аясында сарбаздардың күнделікті жүйелі жаттығуларынан бастап, киім-кешектеріне дейін көптеген жаңалықтар шешілді. Батыс стиліндегі жиынтық пен шалбар ретінде формаға басымдық берілді және түрік армиясын-дағы әскери дәрежелер мен сыныптарды формада болатын белгілермен анықтауға шешім қабылданды. Кейін Сұлтан Абдулмежит(1839-1861), Сұлтан Абдулазиз (1861-1876), Сұлтан II Әбдүлхамиттің (1876-1906) киім үлгісі мен айырым белгілерін реттегені байқалады. Әскери киім өндірісі де осы шешімдерге сәйкес жағдай туғызған шарттармен қалыптасты. (Воynukalin 2020,57)

Осман кезеңінде жасалынған реформаларды жүйелі түрде былай көрсетуге болады:

1. III Селим дәуіріндегі киім үлгісіндегі реформалар (1789-1807)
2. II Махмұд дәуіріндегі киім реформалары (1808-1839)
3. Танзимат дәуірінде жасалған киім реформалары (1839-1876)
4. Конституциялық монархия кезіндегі киім реформалары (1876-1923)

III Селим дәуіріндегі реформалар:

Осман империясында әскери салада заманауи әскер құру идеясы алғаш сұлтан I Махмұд (1730-1754) тұсында қалыптасса да, кейін Осман империясында алғашқы маңызды реформаторлық қозғалысты баста-ған сұлтан ретінде III Селим аталады. Әскерде еуропалық үлгіде дайындалған және киінген жаңа тұрақты әскер құру үшін, әсіресе батыстандыру бағытында реформа жасау әрекеттері III Селимнің тұсында шынайы жүзеге аса бастады.

III Селимнің «Низам-ы Джедид» (Жаңа тәртіп) қозғалысын Осман мемлекетінің заманауи әлемдегі алғашқы маңызды оянуы және жаңа реформа тұжырымдамасы ретінде қарастыруға болады. III Селим Низам-ы Джедидтің құрылуы кезінде әскери ұйымдарға қатысты өзгерістерді енгізумен

қатар, киімді де өзгерту қажет деп санады. Алайда Еуропаның әскери формаларын сатып алудың орнына дәстүрлі киімге жақын киімдерді таңдау арқылы реформаға қарсы реакцияларды жұмсартқысы келді. (Коса 2009:68).

Низами Джедидтің алғашқы формациясында Еуропалық әскери шалбарды сырттан сатып алудың орнына, III Селим ХУІІІ ғасырдағы дәстүрлі киім мен еуропалық киім синтезін жасады. Дәстүрлі ұлттық киім ішінен еуропалық киімдерге жақындарын алғанды жөн көрді. Осылайша, Осман империясында ал-ғаш рет «униформа» яғни біркелкі әскери киім үлгісін жасау шешімі қабылданды. (Küçükerman 1997: 41).

Дегенмен III Селим тұсында киім реформалары еуропалану бағытында ойдағыдай жүзеге аспады. Өйткені бұл реформалар барысында тек жергілікті ұлттық киімдердің еуропалануға деген талпынысы көрініс берді. Дәстүрлі киім мен еуропалық киім синтезі орын алғанымен, оның автохтонды көрінісі үстем болды.

Сұлтан Махмұт реформалары:

Еуропалану жолында шынайы алғашқы киім реформасын жасаған сұлтан II Махмұт (1808-1839) болды. 1808 жылы таққа отырған II Махмұт өзінің реформалары үшін қолайлы уақытты күтіп, 1826 жылы 14 маусымда әскерге еуропалық үлгідегі жаңа киім кигізіп, әр түрлі реакциялардың болатынына және янишер әскерлерін жоятынына қарамастан реформаны іске асырды. Асакир-и Мансуре-и Мұхаммедие деп аталған бұл әскери бірліктерді Батыстық ықпалдың үстем болуына және айқын көрінуіне жол ашты (Дэвисон, 2005, Ховард, 1951).

II Махмұттың реформалары Осман қоғамын азиялық дәстүрлерден алшақтату арқылы Осман мемлекетінің еуропалық өркениетке есігін ашуға мүмкіндік берген бастама болды. 1826 жылы 17 маусымда «Асакир-и Мансуре-и Мұхаммедийе» әскері құрылып, әр түрлі сыныптағы сарбаздардың әрқайсысына жеке бас киім мен ұлттық киім-кешектің орнына біркелкі форма кию туралы шешім қабылданды. Осы кезеңнен кейін сұлтандар еуропалық қолбасшылары сияқты погон киіп, екі қырлы шалбар киген. Сұлтан II Махмұт 1829 жылы 3 наурызда мемлекеттік қызметшілер мен сарбаздарды тақия орнына фес киюге мәжбүрледі. *Фес, феска – Осман империясында кең тараған ерлердің бас киімі. Сыртқы формасы конус тәрізді болып келеді, әдетте қызыл киізден немесе жүннен тігілді. Бұл бас киімді Осман империясының тұрғындарының күнделікті өмірде киіп жүруге таңдау себебі, оның мұсылмандық дәстүрге тән келуі еді. Атауы Мароккадағы Фес қаласымен байланысты.

II Сұлтан Махмұт тұсындағы киімге жасалған өзгерістер бойынша шалбар алдымен әскери киім ретінде қабылданып, кейін мемлекет қызметкерлеріне де міндеттелді. Бұл кезеңде пайда болған «Эльфи» деп аталатын үсті жағы панталон түрінен кең, бірақ шалбардан тар, «улема» табының киімі ретінде жалға-сын тапты. Бұл киім «жарты француз шалбары» атауын алды (Küçükerman 1997: 41).

II. Махмұт өзінің реформаларының тұрақтылығын қамтамасыз ету және жаңа Осман бейнесін қабылдау үшін, өзін үлгі көрсетіп, қара көк күртешесі, қылшықтары бар фес және жолақты ақ шалбарымен мемлекеттік мекемелерге портреттерін іліп қойды (Германер және Инанкур, 2002: 89).



II Махмұттың реформадан бұрынғы және реформадан кейінгі портреті
<https://www.pinterest.co.uk/pin/495325658994154733/>

Әскери киімдердегі еуропалық стиль қоғамның басқа салаларында көп кешікпей көріне бастады, мемлекеттік қызметшілер мен Ыстамбұл халқы қысқа уақытта бастарына киген сарықты тастап, орнын афес деп аталған бас киім киді. Ресми қызметтегі түріктер сетре-пантолон киді. «Сетре» немесе «сетри» сөзінің этимологиясы араб сөзінің «жабу, жамылу» етістігімен байланысты болып, «куртка» (күртеше) деген мән береді. Тік жағалы, алдынан түймеленетін, тізеге жетпейтін пиджак «сетре» деп аталды. Сол матадан тігілген шалбар екеуі костюм құрап, «сетре-пантолон» атаумен белгіленді.

Әскер киімін еуропаландыру үшін сұлтандардан еуропа қолбасшылары сияқты форма киюді талап етті. Ендігі түрік әскер қолбасшылары қара және қара-көк түсті костюм киді, бұл костюмекі жағында жолақтары бар шалбардан, алдыңғы жағы екі қатарлы түймелері бар күртеше сипатты, жеңі мен жағасы алтын түсті жіптермен зерленген жакеттен тұрды, ал бастарына сарық киді. (Tezcan, 1999:520). Осылайша 400 жылға созылған Осман киім үлгісінде маңызды және түбегейлі өзгеріс процесі басталды.

II Махмұт сарбаздарға еуропалық үлгіде киім киюді міндеттегенімен, төмен дәрежелі офицерлерді және кіші мемлекеттік қызметкерлерді бұл талаптан босатты. Қырым соғысы басталғанда, Әбдүлмежит барлық кіші офицерлерді ыштан киюге мәжбүрледі. Алайда, ыштанмен сыртқа шығуды іш киіммен жүрумен бірдей санаған халыққа бұл жаңашылдықты қабылдау біршама қиынға соқты.

Танзимат кезеңінде жасалынған реформалар:

1839 жылы 3 қарашада Әбдүлмежит Танзимат жарлығымен көптеген жаңашылдықтар қамтыған реформаларды жариялады. Танзимат жарлығы Осман империясының еуропалық үлгі бойынша модерни-зациясының алғашқы ресми қадамы ретінде қабылданды. II Махмұт тұсында басталған киім-кешек сала-сындағы еуропалыққа бағытталған өзгерістер Әбдүлмежиттің билік кезеңінде әсіресе әскери киімде көрініс тапты.

Бұл кезеңде әскерлер сетре-пантолонды киюді жалғастырды, бірақ сетре-пантолонның шалбарында сыныптық айырмашылықтарды әртүрлі мөлшер қалыңдықпен көрететін қызыл жолақтар қолданылды, шалбар түстеріне маусымдық өзгерістер енгізілді. Бас киім ретінде алдыңғы реформаларда қабылданған Тунис фестерінің орнына төбе жағы тарылған, үстіңгі жағында сары металға (ферахи) жабыстырылған қылшықтары бар фестер қолданыла бастады.

Танзимат кезеңінде мемлекеттік салада жұмыс істейтіндер сетре-пантолон киді, алайда бұл костюмді негізінен ыстамбұлдықтар кигендіктен, ол Истамбулин деген атаумен тарала бастады. Танзиматтың жариялануымен киім реформасы тек ерлерді ғана емес, әйелдерді де қамтыды. Әйелдербұған дейін толы-ғымен қара түсті және бет-жүздері көрінбейтін феражелер кесе, ендігі ашық түсті абаялар(жамылғы шапандар) кие бастады, ал бет перделері капрон сияқты маталардан жасалды. Сонымен қатар, Танзимат жарлығы жариялауынан кейін көптеген тоқыма фабрикалары қарқынды ашыла бастады, бұл жеке меншік пен серіктестіктер құруға еркіндік берді.



Сетре пантолон, (Кочу 1969: 205)

Танзимат жарлықтарының жүзеге асуымен байланысты киім-кешекте қатты көрініс берген әлеуметтік дифференциялану кеми бастады. Осының нәтижесінде Осман империясы халықтарының біртұтас-тығын белгілейтін ортақ рәміздер киімдерде көрініп, ұлттық бірлік идеясына айналды. XIX ғасырда фес кию – Османлы рухын көрсететін, түрік халқының ұлттық ерекшелігін белгілейтін символ болып қалыптасты.

Фестің тіпті падишахтардың кезеңімен атаулары болды. Мысалға «Махмудие» II Махмұт киген фес түрі. Әбділхамит киген фес түрін «хамидие» деп атағандығы және Энвер паша Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде оңтүстік майданға жіберілген сарбаздарға міндетті етіп жасаған бас киім түрі «Энвери» де күштілердің фестің болғанын көрсетеді.

2022 жылы докторантура бойынша Эскишехир Османгази университетінен шетелдік тағылымдама-дан өту сапарында зерттеу тақырыбыма қатысты мәліметтер жинақтау мақсатында Анкара қаласында орналасқан Антқабір кешеніне барып, көптеген мәліметтер жинақтаған болатынмын. Антқабір сапарында XIX ғ. екінші жартысына жататын Осман империясында сұлтан II Махмұт енгізген киімдегі өзгерістерден кейін тұрғындар арасында кең тараған «феска» бас киімі бейнеленген картинаны көріп, модернизациялық процестің енгенін білуге болады.



Анкара қаласындағы Антқабірдегі Осман империясы тұрғындары арасында кең тараған бас киім «феска» Э.Монтанай архиві

Танзиматтың ықпалында киім сферасында бостандық атмосферасы орын алып, әр адамәр түрлі киімдерді, әсіресе әскери киімдерді киюге еркіндік берген сияқты болды. (Sakaoglu, 1987:295)

Конституциялық монархия кезеңіндегі реформалар:

Әскери киімді еуропалық стильде өзгерту ІІ Әбдүлхамит тұсында да (1876-1909) жалғасын тапты. 1876 жылы қабылданған бірінші Конституция Еуропа елдерімен тұрақты сауда, білім және әлеуметтік қарым-қатынаста болған Османлы қоғамындағы әскердің киімінен бастап, мемлекеттік қызметшілер мен халықтың киімін өзгертуді заң жүзінде бекітті.



Редингот, Кочу 1999

ІІ Әбдүлхамит тұсында истанбулиннің орнына еуропалық үлгідегі, тізеден түсетін, кең етекте, төмен жағы екіге бөлінген жыртпалы «редингот» күртеше кие бастады. Истанбулин, редингот, франк жейдесі, галстук сияқты киімдер өзгерісті жақтаған жастар арасында кең тараса, саудагерлер мен қарттар күртешелерінің ішінен ескі үлгідегі жилет киіп, галстук байлаудан аулақ болды (Коса, 2012: 7).

Республика кезеңіндегі реформа

ІІ Махмұттың жарлығымен басталып келе жатқан дау дамайдың бірі деп фесті айтуға болады. Осман қоғамында белгілі бір нақты дресс-кодтың болмауына байланысты фес «мұсылмандар мен мұсылман еместер арасындағы киім айырмашылығын жою үшін әрбір дін және қоғам өкілі үшін» ортақ бас киім ретінде белгіленген. XX ғасырға келгенде Осман армиясының әскери киімдеріне маңызды өзгерістер енгізілді. 1903 жылы ІІ Әбдүлхамит артиллерия мен атты әскерге фес орнына фуражка кигізісі келгенде, бұрын фесті дінге қарсы деп ойлағандар бұл жолы фесті қорғап, фуражкаға қарсы шықты. XIX. ғасырдың аяғында мемлекет күшімен кигізілген фестің ауылдарға таралып, діннің символына айналғаны байқа-лады» (Айсал, 2011: 7). Республика кезеңінде де фес қызу талқыланған тақырыптардың бірі болады. Тіпті 1919 жылы 7-8 шілдеде Эрзурум конгресінің ашылуына дайындық жұмыстары жалғасқан күндерде Мұстафа Кемал Мажар Мұфит бейге жеңісінен кейін жасайтын реформаларын хабар береді: «Біріншісі: Жеңіске жеткеннен кейін билік үлгісі өзгереді-республика болады. Екіншісі: Сұлтан мен ханеданлық: Уақыты келгенде оған қатысты қажетті шара қолданылады. Үшінші: Хиджаб* (османлы әйелдерінің толығымен жабық киім түрі) жойылады. Төртінші: Фес жойылады, өркениетті елдер сияқты қалпақ киіледі...» (Нүр, 2013: 296).

Ататүрік Республика орныққан соң 1925 жылы Кастамону қаласында болған қалпақ төңкерісі туралы халыққа баяндайды. Осман империясындағыдай заңға дейін әртүрлі діндердің азаматтары әртүрлі бас киімдер мен белгіленген киімдерді киюді жалғастырды. Киімдегі діннен туындаған

айырмашылықтарды жоюды көздеген Мұстафа Кемал паша 1925 жылдың жазында Инеболу және Кастамону аймақтарына жасаған сапарында бас киім кию мәселесін көтерді. Мұстафа Кемал 24 тамызда Кастамонуда кең жиекті ақ қалпақ киді. Бас киімді Кастамонуда алғаш киген себебі; Ол басқа қалаларда форма немесе фес киетін ретінде танымал болғанын, ал Кастамонуда халық оны бірінші рет көретіндіктен бұл қалпаққа артықшылық бергенін түсіндірді. 1925 жылдың 25ші қарашасында «Қалпақ заңы» қабылданып Түркияның әр қаласында заң күшімен болсада бастау алды. Түрік жазушысы Эмине Кожа *Osmanlıda yapılan kılık kıyafete ilişkin reformaların Erkek giysilerinin biçimsel özelliklerine etkileri* атты еңбегінде Осман империясында XVIII ғасырда басталып, XIX ғасырда жеделдеген мәдени өзгерістер процесінде Еуропа негізіндегі киім реформа өзгерістері Мұстафа Кемал Ататүрік жариялаған Республика кезеңіне дейін оң және теріс жақ-тарымен жалғасқанын, Мұстафа Кемал Ататүрік Осман дәуірінде жүзеге асырылғысы келген, бірақ қала-ған табысқа жете алмаған өзгерістегі үзілістерді өте жақсы зерттеп және ол республиканың модерниза-циясында барлық басқа салалардағыдай киімді де бұрынғыдан да берік негізге қойғанын баяндайды. Ататүрік кезеңінде жасалынған реформалардан соң Түрік халқы толыққанды еуропалық стильді қабылдап, киіне бастады.



Ататүрктің қалпақ заңдылығын енгізу жұмыстары кезіндегі суреттер
<https://ozhanoturk.com/2017/11/29/sapka-isyani/>

Қорытынды. XVIII ғасырдың басында Осман сарайы мен мемлекет қайраткерлерінің киімдері классы мен дәрежесіне қарай ең көрнекті түрде және символдық түрде орналастырылып, сұлтан тұлғасына лайықты етіп жасалынады. Бұл реттік белгілеулер падишахтың құзырына барғанда немесе діни рәсімдерге қатысуға рұқсат беру хаттамасын белгілеп, киімнің пішіні, пішімі мен түсі, матаның сапасы мен жарамдылығы, тон түрлері мен басына киетін тақиялардың дәрежесі және осы көпұлтты мемлекет-тегі ұлттардың сыныптары мен атақтарын анық көрсетеді.

Әуелі әскери қажеттіліктен басталып, кейін мемлекеттік қызметшілер мен жұртшылық арасында кең тараған киім реформаларын XIX ғасырдың басында III Селим мен II Махмұт бастап, Танзиматпен бірге қарқын алды. сол жылдары Еуропада сәнге айналған униформа мен шалбарды Стамбулда мемлекеттік қызметшілер кие бастады. Низам-и Джемид сарбаздары немесе II Махмұт дәуіріндегі киім таңдауының халық тарапынан реакцияға ұшырауы қоғам қабылдаған кейбір дәстүрлі өмір үлгілеріндегі өзгерістерге сақтықпен қараудың көрінісі болды. Дегенмен, II Махмұттың да, Әбділмежиттің де еуропалық киімдерді қабылдауы менталитеттің өзгеруінің әсер еткен бағытын көрсетті. Армия мен әкімшілік салада орын алған өзгерістер олардың сыртқы киімдеріне де еуропалық үлгіні енгізіп, жаңа үлгі пайда болды. Осман империясында әр түрлі мәдени дәстүрлердің араласуымен (мұсылмандық шығыс пен батыстық христиан-дық) тек әскери салада ғана емес, империя тұрғындарының күнделікті өмірінде де өзгерістер орын ала бастады. Стамбулдың әр ауданында көрінетін жаңа стилімен Осман адамы өзгерісті қабылдай отырып, Батысқа толығымен еліктемей, өз мәдениетін қорғауды еуропалық киімде киген фесімен көрсетті. Шығыс пен Батыстың қоспасы болып табылатын бұл киім үлгісі өзгерістерге қарсы тұру арқылы дәстүрлі құрылымды қорғағысы келетіндер мен батыстық стильдің өзгеруін жақтайтындар арасындағы дилемма-ның араласуынан шықты.

Қазақ елі Ресей отыршылығында болғандықтан, түркияда болған реформаларды бастан кешірмеді. Бұның себебі ретінде жеке дара мемлекет болмағандықтан және Ресейдің қол астында болғандықтан киімде өзгерістер жасауға ол жылдары мүмкіндік болмады. Тек Ресей империясының бекіткен әскери шендік білдіретін киімдер киген. Тағы бір себебі де климаттық жағдайларға байланысты қазақ елі көбінесе жылы болатын теріден шапа шекпен тон сынды киімдер киген. Ресей империясының белгілеген киім формасы түрік елінің түрлі реформалардан сүзіліп өтіп қабылданған формалары дей аламыз.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

1. Блейз А. *История в костюмах*. – М.: Олма-Пресс Экслибрис, 2002. – 176 с.
2. *Военная энциклопедия / под ред. К. И. Величко*. – Петроград: т-во И.Д. Сытина, 1912. – Т. 17. – 327 с.
3. Жиренчин К. *Политическое развитие Казахстана в XIX – начале XX веков*. – Алматы: Жеты Жарғы, 1996. – 352
4. Ерофеева И.В. *Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов. Т. I. Письма казахских правителей. 1675-1780 гг.* – Алматы: АО «АБДИ Компани», 2014. – 696 с.
5. Ерменбаева Г.К. *Формулярные списки султанов-правителей как источник по истории формирования казахского чиновничества // Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 550-летию Казахского ханства*. – Костанай, 2015. – С. 216-220.
6. Мусабалина Г. *Институты управления в казахском кочевом обществе // Отан тарихы. Отечественная история*. – 2001. – №1. – С. 141-145
7. Надюков С.А. *Ранние военно-политические реформы в Османской империи // Вестник Адыгейского государственного университета*. – №2. 2009. – С. 25-28.
8. Новичев А.Д. *История Турции. Ч. 2. (1839-1853)*. – Л.: Изд-во Ленингр. ун-та, 1963. – 222 с.
9. Петросян И.Е., Петросян Ю.А. *Османская империя: реформы и реформаторы (конец XVIII – начало XX в.)*. – М.: Наука, Издательская фирма Восточная литература, 1993. – 186 с.
10. Избасарова Г.Б. *Мундиры для султанов-правителей: как в Российской империи внедрялась форменная одежда для кочевой элиты // Родина: Российский иллюстрированный журнал*. – 2017. – №1. – С. 108-109
11. Захарова Ирина Витальевна, Ходжаева Рукия Дианатовна (1964) *Казахстанская национальная одежда (XIX – начало XX века)* Наука, Алма-ата
12. ЦГА РК. Ф. 2300. Оп.13. Д. 21.
13. Aysal, N. (2011). “Tanzimat’tan Cumhuriyet’e Giyim ve Kuşamda Çağdaşlaşma Hareketleri”. *Çağdaş Türkiye Tarihi Araştırmaları Dergisi* 10(22), 3-32
14. Boynukalın Hafsa (2020) *Osmanlı Askerî Teşkilatı Üniformaların Tezyinatı ve mâliyeti üzerine bir inceleme*, *Ariş, Haziran sayı 16*, s56-57
15. Germaner S., İnankur Z., (1989) *Orientalism and Turkey*, (çev.Nigar Alemdar ve Jeremy Salt.İstanbul Turkish Cultural Service Founfation
16. Davison H.R. (2005) *Osmanlı İmparatorluğunda reform, 1856-1876* Çev: Osman Akınbay, Agora kitaplığı, İstanbul
17. Emine Koca *Osmanlıda yapılan kılık kıyafete ilişkin reformaların Erkek giysilerinin biçimsel özelliklerine etkileri*
18. Klaus Tuchelt, Rudolf Naumann, *18.Yüzyıl Osmanlı Kıyafetleri ve Cemiyeti, İstanbul*, 1965 s5
19. Küçükerman Ö., (1997) *Türk giyim tasarımının kaynakları, kültür ve sanat, iş bankası yayınları*, s.38.s.74-80
20. Howard A. Reed (1951) *The Destruction of the Janissaries by Mahmud II in June 1826*, Princeton University, yayımlanmış doktora tezi
21. Hür, A. (2013). *Öteki Tarih 2. İstanbul: Profil*.
22. Tezcan H (1999) *16-17 Yüzyıllarda Osmanlı sarayında kadın modası P Dergisi s.15,54-69*
23. Uzunçarşılı I.H., (1954) *Asakir-i Mansur’ye Fes Giydirilmesi Hakkında Sadrazam Takriri ve İkinci Mahmut’un Hattı Hümayunu, Belleten Türk Tarih Kurumu Yayınları, 18/70:223-230 Ankara*
24. Sevin N. *Onüç Asırlık Türk Kıyafet Tarihine Bir Bakış*. – Ankara: Kültür bakanlığı, 1990. – 151 s
25. <https://e-history.kz/ru/e-resources/show/13150/> 10.08.2022 22.35
26. <https://ataturkansiklopedisi.gov.tr/bilgi/ataturk-devrimleri/> 17.08.2022. 06.45

References

1. Blejz A. *Istorija v kostjumah*. – М.: Olma-Press Jekslibris, 2002. – 176 s.
2. *Voennaja jenciklopedija / pod red. K. I. Velichko*. – Petrograd: t-vo I. D. Sytina, 1912. – Т. 17. – 327 s.
3. Zhirenchin K. *Politicheskoe razvıtie Kazahstana v HHH – nachale HH vekov*. – Almaty: Zhety Zharzy, 1996. – 352
4. Erofeeva I.V. *Jepistoljarnoe nasledie kazahskoj pravjashhej jelity 1675-1821 godov. T. I. Pis'ma kazahskih pravitelej. 1675-1780 gg.* – Almaty: АО «АБДИ Компани», 2014. – 696 s.

5. Ermenbaeva G.K. *Formuljarnye spiski sultanov-pravitelej kak istochnik po istorii formirovanija kazahskogo chinovnichestva // Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii, posvjashhennoj 550-letiju Kazahskogo hanstva. Kostanaj, 2015. – C. 216-220.*
6. Musabalina G. *Instituty upravlenija v kazahskom kochevom obshhestve // Otan tarihy. Otechestvennaja istorija. – 2001. – №1. – S. 141-145*
7. Nadjukov S.A. *Rannie voenno-politicheskie reformy v Osmanskoj imperii // Vestnik Adygejskogo gosudarstvennogo universiteta. – №2. 2009. – S. 25-28.*
8. Novichev A.D. *Istorija Turcii. Ch. 2. (1839-1853). – L.: Izd-vo Leningr. un-ta, 1963. – 222 s.*
9. Petrosjan I.E., Petrosjan Ju.A. *Osmanskaja imperija: reformy i reformatory (konec XYIII – nachalo XX v.). – M.: Nauka, Izdatel'skaja firma Vostochnaja literatura, 1993. – 186 s.*
10. Izbasarova G.B. *Mundiry dlja sultanov-pravitelej: kak v Rossijskoj imperii vnedrjalas' formennaja odezhda dlja kochevoj jelity // Rodina: Rossijskij illjustrirovannyj zhurnal. – 2017. – №1. – S. 108-109*
11. Zaharova Irina Vital'evna, Hodzhaeva Rukija Dianatovna (1964) *Kazahstanskaja nacional'naja odezhda (HHH – nachalo HH veka) Nauka, Alma-ata*
12. CGA RK. F. 2300. Op.13. D. 21.
13. Aysal, N. (2011). “Tanzimat’tan Cumhuriyet’e Giyim ve Kuşamda Çağdaşlaşma Hareketleri”. *Çağdaş Türkiye Tarihi Araştırmaları Dergisi* 10(22), 3-32
14. Boynukalın Hafsa (2020) *Osmanlı Askerî Teşkilatı Üniformaların Tezyinatı ve mâliyeti üzerine bir inceleme, Arış, Haziran sayı 16, s56-57*
15. Germaner S., İnankur Z., (1989) *Orientalism and Turkey, (çev.Nigar Alemdar ve Jeremy Salt.İstanbul Turkish Cultural Service Founfation*
16. Davison H.R. (2005) *Osmanlı İmparatorluğunda reform, 1856-1876 Çev: Osman Akınbay, Agora kitaplığı, İstanbul*
17. Emine Koca *Osmanlıda yapılan kılık kıyafete ilişkin reformaların Erkek giysilerinin biçimsel özelliklerine etkileri*
18. Klaus Tuchelt, Rudolf Naumann, *18.Yüzyıl Osmanlı Kıyafetleri ve Cemiyeti, İstanbul, 1965 s5*
19. Küçükerman Ö., (1997) *Türk giyim tasarımının kaynakları, kültür ve sanat, iş bankası yayınları, s.38.s.74-80*
20. Howard A. Reed (1951) *The Destruction of the Janissaries by Mahmud II in June 1826, Princeton Üniversitesi, yayımlanmış doktora tezi*
21. Hür, A. (2013). *Öteki Tarih 2. İstanbul: Profil.*
22. Tezcan H (1999) *16-17 Yüzyıllarda Osmanlı sarayında kadın modası P Dergisi s.15,54-69*
23. Uzunçarşılı I.H., (1954) *Asakir-i Mansur’ye Fes Giydirilmesi Hakkında Sadrazam Tahriri ve İkinci Mahmut’un Hattı Hümayunu, Belleten Türk Tarih Kuurumu Yayınları, 18/70:223-230 Ankara*
24. Sevin N. *Onüç Asırlık Türk Kıyafet Tarihine Bir Bakış. – Ankara: Kültür bakanlığı, 1990. – 151 s*
25. <https://e-history.kz/ru/e-resources/show/13150/> 10.08.2022 22.35
26. <https://ataturkansiklopedisi.gov.tr/bilgi/ataturk-devrimleri/> 17.08.2022. 06.45